

«MasterCard арманыңыздағы матчқа апарады» науқанын өткізу және оған қатысудың қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтың қосымшасы

«MasterCard арманыңыздағы матчқа апарады» науқанын өткізу қағидалары және оған қатысу талаптары (бұдан әрі -Қағидалар)

«MasterCard арманыңыздағы матчқа апарады» ынталандыру іс-шарасы (бұдан әрі -Науқан) «Mastercard» тауар белгісімен көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ «ForteBank» АҚ банкінің қызметтеріне қызығушылықты арттыру және оны қолдау мақсатында өткізіледі.

Қатысушылар Науқанға қатыса отырып, осы Қағидаларды толығымен қабылдайды және оларға келісім береді.

Жалпы ережелер:

1. Науқанды ұйымдастырушы: «ForteBank» АҚ, бұдан әрі -«Науқанды ұйымдастырушы», «Банк». Науқан операторы: «Progression SA» (Прогрэшен Си Эй) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Достық к-сі, 447), бұдан әрі - «Науқан операторы», Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша (бұдан әрі - Науқанның Тапсырыс берушісі).

2. Науқан Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

2.1. Жұлделерді беру мерзімін қоса алғанда, Науқанды өткізудің жалпы мерзімі – 2026 жылғы «19» ақпаннан бастап 2026 жылғы «01» маусымды қоса алғандағы кезең (бұдан әрі – «Науқанды өткізу кезеңі»).

2.2. Науқанға қатысуға болатын сауда жасау, сатып алу кезеңі - 2026 жылғы «19» ақпаннан бастап 2026 жылғы «15» сәуір бойынша кезең (бұдан әрі-Науқан кезеңі).

3. Науқанға қазіргі және әлеуетті ұстаушылары деп аталатын (бұдан әрі мәтін бойынша – «Карта ұстаушылар», «Қатысушылар») Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғалар «ForteBank» АҚ банкінің Mastercard® карталарын (бұдан әрі мәтін бойынша – «Карта») ұстаушылар қатыса алады. Карта Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay, Garmin Pay электрондық әмияндарының аталған түрлерінің біріне байланыстырылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар, сондай-ақ Ұйымдастырушының және Оператордың қызметкерлері мен өкілдері, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ олармен үлестес тұлғалар, Ұйымдастырушымен және Оператормен Акцияны дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шарттық қатынастары бар қызметкерлер мен үшінші тұлғалардың өкілдері, «Verny Capital» компаниясы тобының жетекшісі Акцияға қатысуға жіберілмейді.

4. Науқанды Ұйымдастырушы мен оған қатысушылардың құқықтары және міндеттемелері

4.1. Қатысушы құқылы:

- жария ресурстардан Науқанды өткізудің мерзімі және оның шарттары туралы ақпарат алуға;
- Науқанды Ұйымдастырушы мен Оператор туралы мәлімет алуға;
- Науқанның жеңімпазы деп танылған жағдайда, осы Қағидаларға сәйкес Науқан жұлделерін беруді талап етуге;

4.2. Қатысушы міндетті:

- осы Қағидаларды сақтауға, оның ішінде осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде Науқанға қатысумен байланысты барлық іс-әрекетті орындауға;
- Науқанға қатысуға және Жүлделерді алуға байланысты барлық шығынды, оның ішінде Интернет, телефон және т. б. байланысты шығынды (бірақ олармен шектелмей) өзі көтеруге;
- Осы Қағидаларда және қолданыстағы ҚР заңнамасында қарастырылған басқа да міндеттемелерді өзі орындауға.

4.3. Ұйымдастырушы мен Оператор құқылы:

- Науқанды өткізу кезеңдерінде осы Қағидаларға өзгерістер енгізуге;
- Бұл ретте осы Қағидаларға енгізілген кез-келген өзгерістер туралы ақпарат <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/offers-promotions/football2026.html> сайтында (бұдан әрі -Сайт) орналастырылады;
- осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, Науқанға қатысушылармен жазбаша келіссөздерге немесе кез-келген басқалай байланысқа түспеуге;
- осы Қағидаларда көзделген жағдайларда Қатысушылардан қажетті ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ұсыну үшін өзге де құжаттарды сұратуға;
- Науқан жеңімпаздары 14 күнтізбелік күнге дейін талап етілмеген немесе кез келген себеп бойынша жүлделерді алудан бас тартқан жағдайда, Науқан жүлделері иегерлерінің жалпы санын азайтуға. Бұл ретте аталған жүлделер Науқан аяқталғаннан кейін де берілмейді және оларды Ұйымдастырушы мен Оператор өз қалауы бойынша пайдаланады;
- Қатысушының осы Қағидаларды сақтамау, яғни бұзу фактісі анықталған жағдайда, Науқанға қатысушыға жүлде беруден бас тартуға.

4.4. Ұйымдастырушы мен Оператор міндетті:

- осы Қағидаларды сақтауға, оның ішінде Науқанды өткізуге байланысты барлық іс-шараны осы Қағидаларда белгіленген мерзімде орындауға
- Науқанның осы Қағидаларға сәйкес өткізілуін қамтамасыз етуге;
- Науқанның жеңімпаздарына осы Қағидалардың 7.1.3. тармақшасында қарастырылған Жүлделерді беруге;
- Науқанның Қағидаларын Сайтта орналастыру арқылы, Науқанға қатысушыларды оны өткізудің Қағидалары туралы хабардар етуге;
- Жүлделерді беру кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Науқанды өткізу барысында Науқанға қатысушылар алатын Жүлделерге салықтардың төленуін қамтамасыз етуге;
- Визасы болған жағдайда, Ұйымдастырушы Жеңімпаздарға авиабилеттерді сатып алуға міндеттенеді;

5. Ұйымдастырушы мен Оператор Ақция мақсаттары үшін келесі жағдайларды есепке алмайды:

- осы Қағидалардың 3-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін тұлғалар жасаған операциялар;
- Өтінімдерді қабылдау кезеңінен тыс жасалған операциялар;
- карточка операциялары:
 - Банк қызметтеріне ақы төлеу;
 - банкоматтар мен кассалардан қолма-қол ақша алу;
 - казино мен тотализаторлардағы операциялар бойынша;

- лотерея билеттері мен облигацияларын сатып алуға байланысты операциялар бойынша сыйақы;
- кейіннен ақшаны қайтару жасалған операциялар бойынша операциялар;
- карточкадан Банкте немесе басқа Банкте ашылған шоттарға ақша аударуға байланысты барлық операциялар бойынша;
- электрондық әмияндарды толықтыруға, байланыс операторының қызметтеріне ақы төлеуге байланысты операциялар бойынша;
- банкоматтар, ҚБҚЖ, байланыс операторының интернет-ресурсы арқылы тауарларды/қызметтерді жеткізушілердің пайдасына қолма-қол ақшасыз төлеу;
- Мемлекеттік қызметтер, мемлекеттік пошта қызметтері, салықтық төлемдер, алименттерді, айыппұлдарды қоса алғанда, сот шығыстары, кепіл және төлем міндеттемелері, жолаушылар тасымалы, автобус маршруттары, ақылы жолдар үшін алым төлеуге байланысты операциялар бойынша
- банк сайтында орналастырылған МСС-кодтар тізіміне сәйкес бонустар есептелмейтін өзге де операциялар.

6. Науқанға Қатысушы атану үшін Науқан кезеңінде (Сауда жасау кезеңінде):

6.1. «ForteBank» АҚ банкінің Mastercard® World Elite Premier картасының ағымдағы ұстаушысы болуы керек;

6.1.1. Қатысу үшін Науқан кезеңінде «ForteBank» АҚ-ның Mastercard® World Elite Premier картасы келесі электрондық әмияндардың біріне - Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay, Garmin Pay - байластырылған немесе төмендегі нұсқаулар бойынша байластырылуы қажет:

6.1.2. Жұлделер ұтысына қатысу үшін ұялы телефонды немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, заңмен тыйым салынбаған кез келген сауда-сервистік кәсіпорында Науқанның бүкіл кезеңінде 1 000 000 (Бір миллион) теңге жиынтық сомаға тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру керек.

6.2. Жүзеге асырылған Операциялар, Ұйымдастырушы қалыптастырған Науқанға қатысушылардың тіркелген Операцияларының жалпы тізіміне операцияның тіркелу уақыты бойынша хронологиялық тәртіппен енгізілетін болады (DD:MM:YYYY).

6.3. Осы Қағидалардың 6.1.- 6.3. тармақтарында көрсетілген әрекеттерді орындағаннан кейін, Карта ұстаушы Науқанға қатысушы атанады. Науқанға Қатысушы мен Ұйымдастырушы арасындағы шарт жасалды деп есептеледі.

6.5. Науқанның бір Қатысушысы жасайтын операциялардың санына шек қойылмайды.

7. Науқанның Жұлделік қоры және жұлделерді бөлу тәртібі:

7.1. Науқан Жеңімпаздарын анықтау және Жұлделерді бөлу тәртібі.

7.1.1. 7.1.3-тармақта көрсетілген Жұлделердің бірін алуға үміткер болу үшін, Қатысушы ұялы телефонды немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, заңмен тыйым салынбаған кез келген сауда-сервистік кәсіпорында Науқанның бүкіл кезеңі үшін кемінде 1 000 000 (Бір миллион) теңге жиынтық сомаға тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыруы керек.

7.1.3. Қатысушы жалпы сомасы 1000 000 теңгеге транзакциялар жасаған жағдайда, ол жұлдені ұтып алуға 1 (бір) мүмкіндік алады. Егер Карта ұстаушы жиынтығы 1 000 000 теңге сомадан бірнеше рет сауда жасаған жағдайда, оның мүмкіндіктері тиісінше артады.

Жұлде атауы	Саны
1-деңгейдегі жұлде Будапешттегі UCL финалына тур	Жалпы саны - 9 (тоғыз) тур әрбір Ұйымдастырушы банкке 1 (бір) тур есебімен. Тур құрамына Будапешттің орталығындағы 4* қонақүйде екі адамға арналған нөмірде тұру (3 күн 2 түн), матчқа 2 (екі) САТ 1 санатындағы билет, Будапештте әуежай-қонақүй-әуежай

трансфері, матчқа Puskás Aréna стадионына дейін және қайтадан қонақүйге трансфер, брендтелген мерчандайзинг кіреді.*
--

**1-деңгейдегі жүлделерге үміткер, Науқан жеңімпаздары және Будапештке сапарында олармен бірге жүретін серіктері 18 жастан асқан болуы керек. УЕФА Чемпиондар Лигасының финалына арналған турларға кәметке толмағандардың қатысуына жол берілмейді.*

7.2. Науқанға қатысатындардың арасында жүлделерді бөлудің тәртібі:

7.2.1 Осы Науқан Қағидаларының талаптарына (6.1-6.1.2. тармақшалары) сәйкес келетін барлық қатысушы жүлделерді ойнатуға қатыстырылады. www.random.org веб-сервисінің көмегімен әр қатысушыға берілген реттік нөмірлерді кездейсоқ таңдау арқылы Жеңімпаз анықталады. Жеңімпаздарды анықтауды Науқанды Ұйымдастырушы банк жүргізеді. Жеңімпаздарды анықтау кезінде Науқанды Ұйымдастырушылар әр Жүлде бойынша негізгі және екі резервтегі жеңімпазды таңдайды.

7.2.2. Ұтыс Науқан аяқталғаннан кейін 1 рет өткізіледі. Ұтысты өткізу күні - 17 сәуір.

8. Науқан Жүлделерін алудың талаптары

8.1. Қағидалардың 7.1.3.тармақшасында көрсетілген Жүлделерді алудың талаптары, тәртібі және мерзімі:

8.1.1. Жеке деректерді нақтылау үшін, Науқанды Ұйымдастырушының өкілдері Науқан жеңімпаздарына хабарласады.

8.1.2. Жүлдені алатын Жеңімпаздарды Ұтыс өткізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушы банктің қызметкерлері телефон арқылы хабардар етеді.

8.1.4. Қағидалардың 7.1.3.тармақшасында көрсетілген Жүлделерді алуы үшін, Жеңімпаз бен оның серігі, жеңіске жеткені туралы хабарлама алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде «ForteBank» АҚ-ның бөлімшесіне келіп, Науқанды ұйымдастырушыға /Операторға келесі құжаттарды ұсынулары қажет:

- Клиентті сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы (аты-жөні Mastercard алған кезде банкте көрсетілген деректерге сәйкес келуі керек);
- Жеңімпаздың нақты тұрғылықты мекенжайы;
- Ұйымдастырушыда тіркелген ұялы телефон нөмірі;

Жеңімпаздардың деректерін Науқан Операторы ЖТС 10% төлеуді (жүлдеге жеке табыс салығы 10%) қоса алғанда, жүлде қорын аударуды жүзеге асыру үшін пайдаланатын болады.

8.2. Жүлде 2026 жылдың 1 маусымға дейінгі мерзімд беріледі.

8.3. Матчқа Билеттерді Жеңімпаздар матч қарсаңында UEFA мобильді қосымшасында алады.

9. Ұйымдастырушы мен Оператор төмендегілерге жауапты емес:

9.1. Науқанға Қатысушылар осы Қағидаларда көзделген міндеттерді орындамағанына (уақтылы орындамағанына) немесе Науқанға қатысушылардың Сайттағы Науқан туралы ақпаратпен таныса алмауына;

9.2. Ұйымдастырушы мен Оператор өкілдері телефон арқылы деректерді жинау кезінде Науқан Жеңімпаздары көрсеткен байланысу және басқа да ақпараттың, деректердің дұрыстығына, дәлдігіне және анықтығына, осыған байланысты Науқанны

Ұйымдастырушының қатысушылармен олар көрсеткен байланыс телефоны арқылы байланыса алмағанына, сондай-ақ Қатысушылардан алынған ақпаратты Науқанның мақсаты үшін, оның ішінде Жүлделерді тапсыру үшін пайдалана алмағанына, Ұйымдастырушылар мен Операторға қатысы жоқ басқа себептерді қоса алғанда;

9.3. Жүлде талап етілмеген немесе олардан бас тартылған жағдайларда, сондай-ақ Науқанды Ұйымдастырушы мен Операторға тәуелсіз өзге де себептер бойынша Науқанға қатысушылардың Жүлделерді ала алмауына;

9.4. Қатысушылардың Науқанға қатысуларына байланысты олардың жеке өмірінде, денсаулығында орын алған моральдық және/немесе психикалық жарақаттарға жауапты емес.

10. Науқанның басқа да талаптары:

10.1. Қатысушылар Науқан туралы толық ақпаратпен оны өткізу кезеңінде Ұйымдастырушының сайтында таныса алады.

10.2. Ұйымдастырушылар мен Оператор Науқанды өткізу кезеңі ішінде осы Қағидаларға өзгерістер енгізуге құқылы. Бұл ретте осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер туралы ақпарат Сайтта орналастырылады.

10.3. Қатысушы Науқанға қатыса отырып, осы Қағидалармен толық танысқанын және онымен келісетінін растайды, келесілерге, бірақ олармен шектелмей, өзінің келісімін береді:

- Құпиялылық туралы хабарламада көрсетілген талаптарға сәйкес, дербес деректерді өңдеуге; бұл Құпиялылық туралы хабарлама осы Қағидалардың ажырамас бөлігі болып табылады;
- Ұйымдастырушыдан және Оператордан не уәкілетті үшінші тұлғалардан осы Науқанды өткізуге байланысты ақпараттық SMS-хабарламалар алуға.

10.4. Науқан Операторы ҚР Салық Кодексіне сәйкес «ForteBank» АҚ банкі үшін Жүлделерге салық төлейді (ЖТС 10%) және Науқан Жеңімпаздары үшін салық агенті болады.

10.5. Ұйымдастырушы Жеңімпаздар мен Жүлделердің иегерлерін айқындау кезінде, Ұйымдастырушы оларды Науқанға қатысудан шеттету туралы шешім қабылдаған Қатысушылардың Өтінімдерін ескермейді.

10.6. Науқанды ұйымдастырушы мен Оператор Қағидаларда заттай нысанда айқындалған Жүлделер құнының ақшалай баламасын төлемейді, сондай-ақ Жеңімпаздардың қалауы бойынша Жүлделерді алмастырмайды. Жеңімпаз (дар) Жүлдені алудан бас тартуға құқылы, мұндай жағдайда Ұйымдастырушы Жеңімпазға қандай да бір ақшалай қаражат/өтемақы төлемейді.

10.7. Науқанды Ұйымдастырушы мен Оператор біржақты тәртіпте және себебін түсіндірместен, кез келген уақытта Қатысушылардың немесе Жеңімпаздардың қатарынан келесі тұлғаларды шығарып тастауға құқылы:

- Жүлделерді тапсыру үшін, осы Қағидаларда белгіленген құжаттарды, ақпаратты, мәліметтерді ұсынбағандарды;
- Осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес келмейтін тұлғаларды;
- өзі туралы бұрмаланған ақпарат берген немесе жүлдені негізсіз алу мақсатында алаяқтық әрекет жасағаны деп күдік келтірілген тұлғаны.

10.8. Науқанды Ұйымдастырушы мен Оператор қосымша шығыстарды, оның ішінде визалық және Жеңімпаздың жүлдені алуына байланысты өзге де шығыстарды төлемейді, бұл жауапкершілікті Науқан жеңімпазы өзі көтереді.

